

#2(40)2026

ЕНПФ

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

2

АНАЛИТИКА

ТЖШ-ның жаңа әдістемесі болашақ жинақтаушы зейнетақының лайықтылығын қамтамасыз етуге бағытталған

Новая методика ПМД направлена на обеспечение адекватности будущей накопительной пенсии

9

ОҚИҒА / СОБЫТИЕ

Ашық есік күндері: халықпен тікелей байланыс алаңы

Дни открытых дверей ЕНПФ: территория прямого общения с населением

13

E-LEARNING

БЖЗҚ «Зейнетақы калькуляторы» мен «Дербес зейнетақы жоспары» қызметтерін пайдалануға кеңес береді

ЕНПФ рекомендует воспользоваться услугами «Пенсионного калькулятора» и «Персонального пенсионного плана»

17

БІЛГЕН АБЗАЛ / ВАЖНО ЗНАТЬ

Ерікті зейнетақы жарналары: лайықты зейнетке бастар қосымша мүмкіндік

Добровольные пенсионные взносы: больше возможностей для достойной пенсии

23

КӘСІПҚОЙ / ПРОФЕССИОНАЛ

Табыс тарихы

Истории успеха

30

МЕНИҢ ЕЛІМ / МОЯ СТРАНА

Қазақстан жаңа Конституция қабылдады
Казахстан принял новую Конституцию



ТЖШ-ның жаңа әдістемесі болашақ жинақтаушы зейнетақының лайықтылығын қамтамасыз етуге бағытталған

Озық елдердің зейнетақы жүйелері негізгі әлеуметтік міндеттердің бірін - азаматтар еңбек қызметін аяқтағаннан кейін оларды лайықты зейнетақы төлемдерімен қамтамасыз ету мәселесін шешеді. Өмір сүру ұзақтығының артуы, еңбек нарығындағы өзгерістер және жеке зейнетақы жинақтары рөлінің күшеюі жағдайында зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігі ерекше маңызға ие болуда.

Осыған байланысты Қазақстанда ең төменгі жеткіліктілік шегін (ТЖШ) есептеу тәсілі жаңартылды. Жаңа әдістеме азаматтардың болашақтағы қаржылық тұрақтылығын арттыруға және отандық зейнетақы жүйесін халықаралық стандарттарға жақындатуға бағытталған.

Новая методика ПМД направлена на обеспечение адекватности будущей накопительной пенсии

Пенсионные системы передовых стран решают одну из ключевых социальных задач - обеспечение граждан достойными пенсионными выплатами после завершения трудовой деятельности. В условиях роста продолжительности жизни, изменений на рынке труда и усиления роли личных пенсионных накоплений особое значение приобретает вопрос достаточности пенсионных сбережений.

Именно поэтому в Казахстане обновлен подход к расчету порога минимальной достаточности (ПМД). Новая методика направлена на повышение финансовой защищенности граждан в будущем и приближение казахстанской пенсионной системы к международным стандартам.

ТЖШ дегеніміз не және ол не үшін қажет?

ТЖШ - бұл қаражаттың бір бөлігін баламалы мақсаттарға пайдаланғанда жеке зейнетақы шотында қалуға тиіс зейнетақы жинақтарының ең төменгі сомасы.

Негізінде, ТЖШ азаматтардың зейнетақы капиталын айтарлықтай азайтуына жол бермейтін тосқауыл рөлін атқарады. Бұл әсіресе зейнетақы жинақтарының көптеген жылдар бойы есептелетін инвестициялық кіріс есебінен өсу әлеуеті ең жоғары болатын жас және орта жастағы кезеңде өте маңызды. Жинақтаушы жүйе халықтың басым бөлігі үшін зейнетақы кірісінің негізгі көзіне біртіндеп айналып жатқан жағдайда бұл өте өзекті мәселе.

Әдістемені қайта қарау қажеттілігі неден туындады?

Ескі Әдістемеге сәйкес, ТЖШ мөлшері жыл сайын бекітілген әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді, ең төменгі жалақы, ең төменгі зейнетақы, ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшеріне, инвестициялық кірістілікке және бірқатар басқа да параметрлерге байланысты болашақ зейнетақы жарналарының болжамды есептеулерін ескере отырып белгіленіп келді. Мұндай тәсіл азамат жинақтарының бір бөлігін пайдаланғанның өзінде зейнеткерлікке шыққанға дейін міндетті зейнетақы жарналарын жүйелі түрде аударып тұрады деген болжамғанегізделген еді. Алайда тәжірибе көрсеткендей, еңбек қызметі әрдайым үздіксіз бола бермейді. Жұмыссыздық кезеңдері, бейресми жұмыс, мамандықты ауыстыру немесе

Что такое ПМД и зачем он нужен?

ПМД представляет собой минимальную сумму пенсионных накоплений, которая должна оставаться на индивидуальном пенсионном счете при использовании части средств на альтернативные цели.

По сути, ПМД выполняет роль «защитного барьера», который не позволяет гражданам существенно сокращать свой пенсионный капитал, особенно в молодом и среднем возрасте, когда пенсионные накопления имеют наибольший потенциал для роста за счет инвестиционного дохода, начисляемого на протяжении многих лет. Это крайне важно в условиях, когда накопительная система постепенно становится основным источником пенсионного дохода для значительной части населения.

Почему возникла необходимость пересмотра методики?

Согласно прежней Методике размеры ПМД ежегодно устанавливаются с учетом утвержденных социально-экономических показателей, прогнозных расчетов будущих пенсионных взносов в зависимости от размера минимальной заработной платы, минимальной пенсии, прожиточного минимума, инвестиционной доходности и ряда других параметров. Такой подход предполагал, что гражданин при использовании части накоплений продолжит регулярно перечислять обязательные пенсионные взносы вплоть до выхода на пенсию. Однако практика показывает, что трудовая деятельность не всегда бывает непрерывной. Периоды безработицы, работа в неформальном секторе, смена профессии или иные

өзге де өмірлік жағдайлар зейнетақы жарналарының жүйелілігіне кері әсер етуі мүмкін. Нәтижесінде, зейнеткерлік жасқа жеткендегі нақты жинақ көлемі болжамды деңгейден айтарлықтай төмен болып шығуы ықтимал.

Бұған қоса бұрынғы Әдістеме ұзақмерзімді макроэкономикалық болжамдарға жоғары тәуелділікті көрсетіп отыр, бұл ТЖШ мөлшерінің жыл сайынғы құбылмалылығына әкеп соғады.

Тағы бір маңызды тұсы болашақ зейнетақы төлемдерінің мөлшеріне байланысты. ТЖШ-ны анықтаудың бұрынғы Әдістемесіне сәйкес, жарналар тұрақты аударылып, жинақ көлемі ТЖШ деңгейінде қамтамасыз етілген күннің өзінде, салымшы ең төменгі зейнетақы (50 мың теңге) медиандық¹ жалақының 15%-ынан аз болады.

Жаңа тәсіл: жинақтардан болашақ лайықты зейнетақыға дейін

Жаңа әдістеменің басты айырмашылығы - ТЖШ есептеу логикасының өзгеруінде. Енді ол салымшының қазіргі табысынан емес, оның болашақта алуға тиіс мақсатты зейнетақысынан бастап есептеледі. Ол үшін тиісті жаста зейнетақы шотында болуы керек және тіпті болашақ жарналарсыз-ақ қарттық шақта **зейнетақы жинақтарының жеткілікті мөлшерін қамтамасыз ете алатын ең төменгі жинақ сомасы есептеледі**. Іс жүзінде жаңа әдістеме келесі сұраққа жауап береді: болашақта адам лайықты зейнетақы алуы үшін бүгін оның зейнетақы шотында қанша жинақ қалуы керек?

¹ медиандық жалақы - бұл барлық жалақыларды екі тең бөлікке бөлетін көрсеткіш: қызметкерлердің 50%-ы осы сомадан аз, қалған 50%-ы көп алады

жизненные обстоятельства могут стать причинами отсутствия регулярности пенсионных взносов. В результате фактический объем накоплений к пенсионному возрасту может оказаться значительно ниже прогнозируемого.

Кроме того, прежняя Методика демонстрирует высокую зависимость от долгосрочных макроэкономических прогнозов, что приводит к ежегодной волатильности размеров ПМД.

Еще один важный аспект связан с размером будущих пенсионных выплат. Согласно прежней Методике определения ПМД даже при регулярных взносах и обеспечении объема накоплений на уровне ПМД накопительная минимальная пенсия (50 тыс. тенге) составит менее 15% от текущего размера медианной заработной платы¹.

Новый подход: от накоплений к достойному пенсионному будущему

Ключевое отличие новой методики заключается в смене самой логики расчета ПМД, который строится не от текущих доходов вкладчика, а от того, какую **целевую пенсию** он должен будет получать в будущем. Для этого рассчитывается **минимальная сумма накоплений**, которая должна быть на пенсионном счете в соответствующем возрасте и **даже без будущих взносов** обеспечит достаточную сумму пенсионных сбережений к старости. Фактически новая методика отвечает на вопрос: какая минимальная сумма должна остаться

¹ медианная заработная плата – это показатель, который делит все заработные платы на две равные части: 50% сотрудников получают меньше этой суммы, а 50% - больше.

Жаңа Әдістемеге сәйкес, ТЖШ-дан асатын зейнетақы жинақтары пайдаланылғаннан кейін жинақтаушы жүйеден төленетін болашақ зейнетақы төлемдерінің мөлшері медиандық жалақының кемінде 40% деңгейіне бағытталатын болады (ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша, 2026 жылдың I тоқсанында оның мөлшері 331 527 теңгені құрады).

Бұл ретте жаңа Әдістемеді шекті **мәндердің мөлшері бұдан былай болашақ жарналарға және көптеген макроэкономикалық көрсеткіштердің жыл сайынғы болжамды өзгерістеріне тәуелді болмайды**. ТЖШ шамалары ұзақмерзімді факторлар негізінде, соның ішінде ұлттық статистиканы ескере отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) тұрақты түрде жаңартылатын Қазақстан халқының демографиялық кестелеріне сүйене отырып анықталады. Сәйкесінше болашақ зейнетақы мөлшері азаматтар үшін болжауға қолайлы болады және **ЭЫДҰ елдерінің мақсатты көрсеткіштеріне кезең-кезеңімен жақындай түседі**.

ТЖШ мөлшері қазіргідей салымшының жасына байланысты болады: адам зейнетақы жасына неғұрлым жақын болған сайын, болашақ зейнетақыны қамтамасыз ету үшін ТЖШ деңгейі де соғұрлым жоғары болуы тиіс.

Осылайша ТЖШ-ны анықтаудың жаңа Әдістемесі зейнетақы төлемдері есебінен салымшының еңбек табысын алмастыру коэффициентінің лайықтылығы мақсатында болашақ жинақтаушы зейнетақыны қамтамасыз етуге қажетті зейнетақы жинақтарының ең төменгі сомасына қойылатын талаптарды арттырады. Сонымен қатар мұндай Әдістеме ТЖШ-ны анықтау жүйесін зейнетақымен қам-

на пенсионном счете сегодня, чтобы в будущем человек мог рассчитывать на адекватный уровень пенсионного дохода? Согласно новой Методике после использования пенсионных накоплений, превышающих ПМД, размер будущих пенсионных выплат из накопительной системы будет ориентирован на уровень не ниже 40% от медианной заработной платы (по данным Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан в I квартале 2026 года ее размер составил 331 527 тенге).

При этом в предлагаемой Методике **размеры порогов уже не будут зависеть от будущих взносов и от ежегодных прогнозных изменений многих макроэкономических показателей**. Величины ПМД будут определяться на основе долгосрочных факторов, включая демографические таблицы населения Казахстана, регулярно обновляемые Организацией объединенных наций (ООН) с учетом национальной статистики. Соответственно, размеры будущей пенсии будут **предсказуемы для граждан и поэтапно приближаться к целевым показателям стран ОЭСР**.

Размер ПМД, как и в настоящее время, будет зависеть от возраста вкладчика: чем ближе человек к пенсионному возрасту, тем выше должен быть уровень ПМД для обеспечения будущей пенсии.

Таким образом, новая Методика определения ПМД повышает требования к минимальной сумме пенсионных накоплений, необходимой для обеспечения будущей накопительной пенсии, в целях адекватности коэффициента замещения трудового дохода вкладчика за счет пенсионных выплат. Кроме того, такая Методика позволит приблизить систему определения ПМД к международным

сыздандырудың халықаралық стандарттарына жақындатуға және зейнеткерлікке шыққан кезде зейнетақы жинақтарының жеткіліксіздігі қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

Халықаралық стандарттар және әлемдік тәжірибе

Әлемде зейнетақы жүйесінің лайықтылығын айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі **кірісті алмастыру коэффициенті (КАК)**. Бұл көрсеткіш зейнетақының зейнеткерлікке шығар алдындағы еңбек табысына қатынасын көрсетеді. ХЕҰ (Халықаралық еңбек ұйымы) ұсынымдарына сәйкес, КАК **кемінде 40%** болған жағдайда зейнетақымен қамсыздандыру лайықты деп есептеледі. ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) елдерінде КАК шамасы орташа есеппен **60%-ға жуық**.

Қазақстанда орташа жиынтық зейнетақының республика бойынша орташа жалақыға қатынасы ретінде есептелген КАК-тың ағымдағы мәні (базалық, ынтымақты және жинақтаушы зейнетақы есебінен) **шамамен 44%-ды** құрайды, **бұл ХЕҰ-ның ең төменгі ұсынымына сәйкес келгенімен, ЭЫДҰ елдеріне қарағанда төмен**.

ЕО (Еуропалық одақ) елдерінде лайықты табыстың бағдарларының бірі ретінде ең төменгі жалақының (ЕТЖ) еңбекақы төлеудің жалпы деңгейіне қатынасы қарастырылады: ЕТЖ медиандық жалақының **кемінде 60%-ын** немесе орташа жалақының **50%-ын** құрауы тиіс. Бұл көрсеткіштер азаматтардың ең төменгі табыстарының жеткіліктілігін бағалау үшін де, соның ішінде зейнеткерлік жастағы КАК-ты есептеу кезінде бағдар ретінде пайдаланылады.

стандартам пенсионного обеспечения и снизить риск недостаточности пенсионных накоплений при выходе на пенсию.

Международные стандарты и мировой опыт

В мире одним из ключевых показателей адекватности пенсионной системы является **коэффициент замещения дохода (КЗД)**. Это показатель показывает отношение пенсии к трудовому доходу перед выходом на пенсию. Согласно рекомендациям МОТ (Международная организация труда) пенсионное обеспечение считается адекватным при КЗД не **менее 40%**. В странах ОЭСР (Организация экономического сотрудничества и развития) величина КЗД в среднем составляет **около 60%**.

В Казахстане текущее значение КЗД (за счет базовой, солидарной и накопительной пенсии), рассчитанное как отношение средней совокупной пенсии к средней заработной плате по республике, составляет **около 44%**, что **соответствует минимальной рекомендации МОТ, однако данный показатель ниже, чем в странах ОЭСР**.

В странах ЕС (Европейский союз) одним из ориентиров адекватности доходов считается отношение минимальной заработной платы (МЗП) к общему уровню оплаты труда: МЗП должна составлять не **менее 60%** медианной заработной платы или **50%** средней заработной платы. Эти показатели также используются как ориентир для оценки достаточности минимальных доходов граждан, в том числе при расчете КЗД в пенсионном возрасте.

Тағы бір маңызды әлемдік үрдіс - зейнетақы жинақтары рөлінің күшеюі. Бұл дәстүрлі бөліністі (ынтымақты, сақтандыру) зейнетақы жүйелерінің қаржылық тұрақсыздығына алып келетін демография мен еңбек нарығының өзгеруіне байланысты. Халықаралық зерттеулердің мәліметтері бойынша, азаматтардың **міндетті зейнетақы жинақтарын** енгізген елдердің саны 1999 жылы 17 болса, қазір 50-ден асты. Қазақстан үшін бұл зейнетақының лайықтылығын арттыру зейнетақы жинақтарын одан әрі арттыруды, оларды шамадан тыс мерзімінен бұрын алуды шектеуді және азаматтардың қаржылық сауаттылығын өсіруді талап ететінін растайды.

Әлемдегі қаражатты мерзімінен бұрын алу тәжірибесіне келетін болсақ, бірқатар елдерде зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану экономикалық қиындықтарға және халықты қолдау қажеттілігіне, соның ішінде COVID-19 пандемиясы кезеңіне байланысты ерекше жағдайларда **уақытша дағдарысқа қарсы шара** ретінде қолданылды.

Мысалы, Чилиде пандемия кезінде қаражатты алудың үш толқыны мақұлданды. Нәтижесінде зейнетақы жүйесінен шамамен 50 миллиард АҚШ доллары шығарылды, бұл ел экономикасы үшін қомақты сома болып, инфляциялық процестерді күшейтті және сарапшылардың бағалауы бойынша, болашақ зейнетақының шамамен 30%-ға төмендеуіне әкеп соқты.

Қазақстанда жинақтарды алу мүмкіндігі 2021 жылы пандемиядан кейінгі кезеңде халықты қолдау шарасы ретінде енгізілді. Бұл жеткілікті жинақ қалыптастырған көптеген азаматтарға табысы төмендеген немесе уақытша жұмыссыз қалған жағдайда маңызды тұрғын үй мәселелерін шешуге және медициналық қызметтер алуға мүмкіндік берді.

Еще одной важной мировой тенденцией является усиление роли пенсионных сбережений. Это связано с изменением демографии, рынков труда, ведущих к финансовой неустойчивости традиционных распределительных (солидарных, страховых) пенсионных систем. По данным международных исследований, число стран, внедривших **обязательные пенсионные накопления граждан**, выросло с 17 в 1999 году до более, чем 50 в настоящее время. Для Казахстана это подтверждает, что рост адекватности пенсий требует дальнейшего развития пенсионных сбережений, ограничения их чрезмерных изъятий, повышения финансовой грамотности граждан.

Что касается практики изъятий в мире, то в ряде стран досрочное использование пенсионных накоплений применялось как **временная антикризисная мера** в исключительных ситуациях, связанных с экономическими потрясениями и необходимостью поддержки населения, в том числе в период пандемии COVID-19.

К примеру, в Чили в период пандемии были одобрены три волны изъятий. В результате из пенсионной системы было выведено около 50 млрд долларов США, что стало значительной суммой для экономики страны, усилило инфляционные процессы и, по оценкам экспертов, привело к снижению будущих пенсий примерно на 30%.


В Казахстане возможность изъятий была введена в 2021 году также в качестве меры поддержки населения в постпандемийный период. Она позволила многим гражданам, сформировавшим достаточные накопления, решить важные жилищные вопросы и получить медицинские услуги в условиях снижения доходов или временной потери работы.

Бүгінгі таңда шұғыл қолдау шараларына деген қажеттілік өз өзектілігін жоғалтты. Азаматтардың еңбек қызметі аяқталғаннан кейін оларды лайықты табыс деңгейімен қамтамасыз ету үшін зейнетақы жинақтарын сақтау ерекше маңызға ие болуда.

Мемлекет үшін бүгінде жинақтардың бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі мен болашақта лайықты зейнетақыны қамтамасыз ету қажеттілігі арасындағы теңгерімді сақтай отырып, зейнетақымен қамсыздандырудың халықаралық стандарттарына кезең-кезеңімен жақындау маңызды.

Сегодня необходимость в экстренных мерах поддержки утратила свою актуальность. Особое значение приобретает сохранение пенсионных накоплений для обеспечения достойного уровня дохода граждан после завершения трудовой деятельности.

Государству важно **сохранять баланс** между возможностью использовать часть накоплений сегодня и необходимостью обеспечить адекватную пенсию в будущем, поэтапно приближаясь к международным стандартам пенсионного обеспечения.



АШЫҚ ЕСІК КҮНДЕРІ: ХАЛЫҚПЕН ТІКелей БАЙЛАНЫС АЛАҢЫ

Халықтың қаржылық-құқықтық сауаттылығын арттыру – «БЖЗҚ» АҚ қызметінің негізгі бағыттарының бірі. Осы мақсатта Қор журналистика мектебін ұйымдастыруды, телерадио жобаларды, көшпелі таныстырылымдарды, сондай-ақ бүкіл Қазақстан бойынша тұрақты түрде Ашық есік күндерін өткізуді қамтитын кешенді ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүзеге асырады.

БЖЗҚ-ның Ашық есік күндері Қор мамандарының халықпен және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен тікелей байланыс орнатуына арналған маңызды алаңға айналды. Мұндай іс-шаралар азаматтарға жинақтаушы зейнетақы жүйесі, заңнамадағы өзгерістер, зейнетақы активтерін инвестициялық басқару, электрондық қызметтер және басқа да мәселелер бойынша өзекті ақпараттардан құлағдар болып, зейнетақымен қамсыздандыруға қатысты барлық сұрақтарына жауап алуға мүмкіндік береді.

ДНИ ОТКРЫТЫХ ДВЕРЕЙ ЕНПФ: ТЕРРИТОРИЯ ПРЯМОГО ОБЩЕНИЯ С НАСЕЛЕНИЕМ

Повышение финансово-правовой грамотности населения является одним из ключевых направлений деятельности АО «ЕНПФ». Для этого Фонд реализует комплексную информационно-разъяснительную работу, включающую в том числе организацию школы журналистики, телевизионные и радиопроекты, выездные презентации, а также регулярное проведение Дней открытых дверей по всему Казахстану.

Дни открытых дверей ЕНПФ стали важной площадкой для прямого общения специалистов фонда с населением и представителями СМИ. Такие мероприятия позволяют гражданам получать актуальную информацию о накопительной пенсионной системе, изменениях в законодательстве, инвестиционном управлении пенсионными активами, электронных сервисах и т.д., а также консультации по всем вопросам пенсионного обеспечения.

БЖЗҚ-ның Ашық есік күндері «БЖЗҚ» АҚ-ның 2022–2026 жылдарға арналған Корпоративтік даму стратегиясын ескере отырып әзірленген коммуникациялық саясаттың негізгі мақсаттары, міндеттері, басымдықтары мен іске асыру тетіктерін айқындайтын Сыртқы коммуникациялар бағдарламасы аясында тоқсан сайын өткізіледі. Ашық есік күндерін өткізу азаматтардың зейнетақыны жоспарлау мен жеке жинақтарына деген саналы көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді. Аудиторияға ыңғайлы әрі түсінікті форматтағы ашық диалогтың арқасында салымшылар жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс қағидаттарын жақсырақ түсініп, өздерін қызықтырған сұрақтарға дер кезінде жауап тауып, қаржылық тұрғыдан неғұрлым тиімді шешімдер қабылдай алады.

Кезекті Ашық есік күні дәстүрлі түрде онлайн форматта өткізіліп, invest.enpf.kz жаңа инвестициялық порталының таныстырылымына арналды. Іс-шара еліміздің әр өңірінен 5 мыңнан астам қатысушыны біріктіріп, зейнетақы активтерін инвестициялық басқару саласындағы халықтың қаржылық-құқықтық сауаттылығын арттырудағы маңызды қадам болды.

Кездесу барысында Қор мамандары азаматтарға зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқарушылар – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) мен инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) басқару процесін барынша түсінікті ету үшін әзірленген жаңа цифрлық платформаның мүмкіндіктері туралы жан-жақты айтып берді. Қатысушыларға зейнетақы жинақтары – бұл тек болашаққа арналған қаражат емес, сонымен қатар тиімді басқаруға болатын қаржылық ресурс екені қарапайым тілде түсіндірілді. БЖЗҚ салымшылары өз жинақтарының табыстылығына дербес

Дни открытых дверей ЕНПФ проводятся ежеквартально в рамках Программы внешних коммуникаций АО «ЕНПФ», определяющей основные цели, задачи, приоритеты и механизмы реализации коммуникационной политики с учетом Корпоративной стратегии развития АО «ЕНПФ» на 2022-2026 годы. Проведение Дней открытых дверей способствует формированию у граждан более осознанного отношения к вопросам пенсионного планирования и личных накоплений. Благодаря открытому диалогу в удобном и понятном для аудитории формате вкладчики и получатели могут лучше понимать принципы работы накопительной пенсионной системы, своевременно получать ответы на интересующие вопросы и принимать более взвешенные финансовые решения.

Очередной «День открытых дверей» состоялся традиционно в онлайн-формате и был посвящен презентации нового инвестиционного портала invest.enpf.kz. Мероприятие объединило более 5 000 участников из разных регионов страны и стало важным шагом в развитии финансово-правовой грамотности населения в области инвестиционного управления пенсионными активами.

В ходе встречи специалисты Фонда подробно рассказали о возможностях новой цифровой платформы, созданной для того, чтобы сделать процессы инвестирования пенсионных накоплений доверительными управляющими - Национальным Банком Республики Казахстан (НБРК) и управляющими инвестиционным портфелем (УИП) более понятными для граждан. Участникам напомнили, что пенсионные накопления - это не только средства на будущее, но и финансовый ресурс, которым можно эффективно управлять. Вкладчики ЕНПФ имеют возможность самостоятельно

ықпал ете алады: міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жинақтардың 50%-на дейінгі бөлігін, ал ерікті зейнетақы жарналары есебінен 100%-ға дейінгі бөлігін ИПБ басқаруына бере алады. ИПБ инвестициялық декларацияда көзделген акциялар, облигациялар, валюталар және басқа да қаржы құралдарына инвестициялап, табыс табуға ұмтылады.

Онлайн кездесу барысында қатысушылар зейнетақы активтерін инвестициялау жүйесінің қалай жұмыс істейтінін, инвестициялық көрсеткіштерді қалай талдауға болатынын, басқару стратегияларын салыстыру жолдарын және басқарушыны таңдау кезінде қандай жайттарға назар аудару қажеттігін білді. БЖЗҚ мамандарының айтуынша, мұндай құрал әсіресе өз жинақтарын басқарудың анағұрлым табысты стратегияларын таңдауға мүмкіндігі бар жас салымшылар үшін аса пайдалы болуы мүмкін. Іс-шара интерактивті форматта өтті: қатысушылар сұрақтарын қойып, сарапшылардан түсіндірмелер мен жеке консультациялар алды.

Кездесу барысында салымшылардың зейнетақы жинақтарын басқаруға деген қызығушылығы артып келе жатқаны атап өтілді. invest.enpf.kz жаңа ыңғайлы порталы ұзақ мерзімді қаржылық жоспарлау мәдениетін қалыптастыруға және азаматтардың өз зейнетақы жинақтарын басқаруға белсендірек қатысуына ықпал етеді. Қазіргі уақытта нарықта инвестициялық портфельді басқаруға лицензиясы бар және зейнетақы активтерін басқаруға қойылатын талаптарға сәйкес келетін бес ИПБ жұмыс істейді. Олар: «Alatau City Invest» АҚ, «BCC Invest» АҚ, «Halyk Global Markets» АҚ (2027 жылғы 1 қаңтардан бастап осы ИПБ бастамасымен шарт бұзылады), «Halyk Finance» АҚ және «Сентрас Секьюритиз» АҚ.

влиять на доходность своих накоплений, передавая их часть УИП: до 50% - за счет обязательных и обязательных профессиональных пенсионных взносов, до 100% - за счет добровольных пенсионных взносов. УИП инвестируют пенсионные средства в акции, облигации, валюты и другие финансовые инструменты, предусмотренные инвестиционной декларацией, с целью получения дохода.

Во время онлайн-встречи участники узнали, как устроена система инвестирования пенсионных активов, каким образом можно анализировать инвестиционные показатели, сравнивать стратегии управления и на что следует обращать внимание при выборе управляющего. По словам специалистов ЕНПФ, особенно востребованным такой инструмент может стать для молодых вкладчиков, которые имеют возможность участвовать в выборе более доходных стратегий управления своими накоплениями. Мероприятие прошло в интерактивном формате: участники задавали вопросы, получали разъяснения экспертов и индивидуальные консультации.

Как было отмечено в ходе встречи, интерес вкладчиков к управлению пенсионными накоплениями растет. Новый удобный портал invest.enpf.kz способствует формированию культуры долгосрочного финансового планирования и стимулирует более активное участие граждан в управлении собственными пенсионными накоплениями. В настоящее время на рынке работают пять УИП, обладающих лицензиями на управление инвестиционным портфелем и соответствующих утвержденным требованиям для управления пенсионными активами. В их числе: АО «Alatau City Invest», АО «BCC Invest», АО «Halyk Global Markets» (с 1 января 2027 г. – расторжение договора по инициативе данного УИП), АО «Halyk

2026 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша БЖЗҚ ИПБ басқаруына жинақтарды аудару туралы жалпы сомасы шамамен 134,7 млрд теңгені құрайтын 134,2 мыңға жуық өтінішті орындады.


БЖЗҚ халықты ақпараттандыру және зейнетақысауаттылығын арттыру бойынша жүйелі жұмыстарын жалғастыруда. Мәселен, тек 2025 жылдың өзінде 1,05 млн адамның қатысуымен 51,3 мың көшпелі және онлайн таныстырылым өткізілді, сондай-ақ шамамен 400 мың азаматтардан түскен өтініш қаралды. Ашық есік күндерін өткізу азаматтарға жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мүмкіндіктерін тереңірек түсінуге жағдай жасайтын маңызды коммуникациялық құрал болып қала береді.

Finance» и АО «Сентрас Секьюритиз». По состоянию на 1 мая 2026 года ЕНПФ исполнил порядка 134,2 тыс. заявлений о переводе накоплений в управление УИП на общую сумму около 134,7 млрд тенге.

ЕНПФ продолжает системную работу по информированию населения и повышению пенсионной грамотности. Так, только в 2025 году было проведено 51,3 тыс. выездных и онлайн презентаций с участием 1,05 млн человек, обработано около 400 тыс. обращений граждан. Проведение Дней открытых дверей остается важным инструментом коммуникации, позволяющим гражданам лучше понимать возможности накопительной пенсионной системы.

БЖЗҚ «Зейнетақы калькуляторы» мен «Дербес зейнетақы жоспары» қызметтерін пайдалануға кеңес береді

ЕНПФ рекомендует воспользоваться услугами «Пенсионного калькулятора» и «Персонального пенсионного плана»



Қазір еліміздің зейнетақы жүйесі бірнеше деңгей мен төлем көздерінен тұратыны белгілі: мемлекеттік бюджеттен базалық және ынтымақты зейнетақы төленсе, жинақтаушы бөлігі БЖЗҚ-дағы міндетті және ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптасады. Осылайша, Қазақстандағы зейнетақымен қамсыздандыру жауапкершілігі мемлекет, азамат және жұмыс беруші арасында бөлінген. Сондықтан әрбір қызметкер үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын уақытылы аударуын қадағалап, болашақ зейнетақысын алдын ала жоспарлауы аса маңызды.

Салымшыларға қолайлы болу үшін БЖЗҚ арнайы әзірленген «Зейнетақы калькуляторы» және «Дербес зейнетақы жоспары» сервистерін ұсынады. Бұл қызметтер арқылы БЖЗҚ сайты мен мобильді қосымшасында болашақ зейнетақының болжамды мөлшерін есептеп, оны ұлғайту жолдарын алдын ала жоспарлауға болады.

ЗЕЙНЕТАҚЫ КАЛЬКУЛЯТОРЫ

Бұл сервис екі нұсқада ұсынылған. «Ағымдағы» калькулятор – зейнетке шығуға бір жылдай уақыты қалған азаматтарға арналған жеңілдетілген нұсқа. Оның көмегімен міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан жинақтардан төленетін төлем мөлшерін есептеуге болады.

Ал «Болжамды» калькулятор болашақ зейнетақының шамаланған көлемін есептеп қана қоймай, оның қандай құрамдас бөліктерден қалыптасатынын көрсетеді және үш түрлі сценарий бойынша болжам жасайды: пессимистік, шынайы және оптимистік. Бұл салымшыға инвестициялық кірістіліктің ықтимал деңгейін ескере отырып, түрлі нұсқаларды бағамдауға мүмкіндік береді.

Как известно, сейчас казахстанская пенсионная система состоит из нескольких уровней и источников выплат: из государственного бюджета поступает базовая и солидарная части, накопительная часть формируется за счёт обязательных и добровольных пенсионных (ДПВ) взносов в ЕНПФ. Таким образом, ответственность за пенсионное обеспечение в Казахстане разделена между тремя сторонами: государством, гражданами и работодателями, поэтому работнику очень важно следить за своевременной уплатой работодателем обязательных пенсионных взносов и планировать свою будущую пенсию.

Для удобства вкладчиков ЕНПФ предлагает специально разработанные сервисы - Пенсионный калькулятор и Персональный пенсионный план. С помощью этих сервисов на сайте и в мобильном приложении ЕНПФ можно предварительно рассчитать свою будущую пенсию и запланировать меры по ее увеличению.

ПЕНСИОННЫЙ КАЛЬКУЛЯТОР

Сервис представлен в двух видах. «Текущий» – это более упрощенный вариант, с помощью которого те, кто выходит на пенсию в ближайший год, могут рассчитать размер выплаты пенсионных накоплений, сформированных за счет обязательных пенсионных взносов.

«Прогнозный» калькулятор не просто рассчитывает предположительный размер будущей пенсии, но и покажет, из чего она складывается и сделает прогноз по трем сценариям: пессимистичному, реалистичному и оптимистичному, что поможет вкладчику увидеть все возможные варианты, учитывающие предполагаемый уровень реальной инвестиционной доходности.

Есептеу барысында калькулятор базалық және ынтымақты зейнетақы, 10% міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), 5% міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары сияқты барлық құрамдас бөліктерді назарға алады. Болжамды калькулятор арқылы болашақ зейнетақы мөлшерін білу үшін бірнеше қарапайым әрекет жасау жеткілікті: туған күнін, жынысын, еңбек өтілін, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу мерзімін көрсетіп, бүгінгі жинақ сомасы мен соңғы кезеңдегі орташа жалақыны енгізу қажет. Одан кейін «Есептеу» батырмасын басу керек. Егер калькулятор жеке кабинет арқылы қолданылса, көптеген жолдар автоматты түрде толтырылады әрі есептеу нәтижесі дәлірек болады. Болжамды зейнетақы жинағы ең төменгі жеткіліктілік шегінен асқан жағдайда, тұрғын үй жағдайын жақсартуға немесе емделуге қаражатты мерзімінен бұрын пайдалану мүмкіндігі туралы хабарлама шығады. Сондай-ақ жинақ жеткілікті болған кезде салымшыларға зейнетақы аннуитеті шартын жасау үшін жинақтың бір бөлігін өмірді сақтандыру компанияларына (ӨСК) аудару функциясы қарастырылған. Айта кету керек, калькулятордағы есептеулер ағымдағы күнтізбелік жылға арналған алдын ала болжам ғана. Ал түпкілікті есептеу сақтандыру ұйымына жүгінген кезде жүргізіледі.

«Зейнетақы калькуляторы» қызметі туралы толық ақпаратпен «БЖЗҚ» АҚ сайтында танысуға болады.



Көріңіз: *Зейнетақы калькуляторына бейнеуәсаулық*

При расчёте Калькулятор учитывает все компоненты - базовую и солидарную пенсии, 10% ОПВ, 5% ОППВ и добровольные пенсионные взносы. Для получения размера будущей пенсии в прогнозируемом калькуляторе, необходимо сделать несколько несложных действий - заполнить все поля: дату рождения, пол, трудовой стаж, стаж участия в накопительной пенсионной системе, ввести сумму накоплений на сегодняшний день и среднюю заработную плату за последнее время. И для получения результата - нажать на кнопку «Произвести расчет». При использовании калькулятора через личный кабинет, почти все поля заполняются автоматически, и расчет получится более точным. В случае превышения прогнозируемой суммы пенсионных накоплений минимального порога достаточности, появится уведомление о возможности их изъятия на улучшение жилищных условий или лечение. Также в случае достаточности пенсионных накоплений, для вкладчиков предусмотрена функция «Перевод накоплений в компанию по страхованию жизни (КСЖ)» для заключения договора пенсионного аннуитета. Важно помнить, что результаты расчетов пенсии являются предварительными на текущий календарный год, а окончательный расчет будет производиться при обращении в страховую организацию.

Более детально ознакомиться с услугой «Пенсионный калькулятор» можно на сайте АО «ЕНПФ».



Смотреть: *Инструкция по Пенсионному калькулятору*

ДЕРБЕС ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖОСПАРЫ

«Дербес зейнетақы жоспары» сервисінің болжамды зейнетақы калькуляторынан айырмашылығы – пайдаланушыға төмендегідей мүмкіндіктер береді:

- қазіргі жинақ көлемін ескере отырып, қалаған зейнетақы төлеміне жету үшін қажетті жарна мөлшерін есептеу;
- автоматтандырылған жеке хабарламалар жүйесі арқылы жинақ жоспарының орындалуын бақылау.

Осы функцияның арқасында салымшы зейнетақы жарналарының түсуін ескере отырып, өзінің зейнетақы жоспарының орындалу барысын қадағалай алады. Егер жинақ көлемі жеткіліксіз болса, қажетті соманы ерікті зейнетақы жарналары арқылы толықтыруға мүмкіндік бар.

Қажет болған жағдайда салымшы кез келген уақытта жоспар параметрлерін өзгертіп, мысалы, қалаған зейнетақы мөлшерін қайта көрсетіп, жаңа жоспар құра алады. Сонымен қатар сервиске жинақтаушы жүйедегі еңбек өтілін автоматты түрде есептеу мүмкіндігі де енгізілген. Дербес зейнетақыны жоспарлау – бұл жинақты ұлғайтуға бағытталған жеке стратегия. Ол қолда бар мүмкіндіктерді ескере отырып болашақ зейнетақыны болжауды, зейнеткерлік қажеттіліктерді бағалауды, мақсат қоюды, жинақ құралдарын таңдауды (мысалы, ЕЗЖ пайдалану немесе жинақтың бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушыға беру), жарналардың тұрақты әрі толық түсуін бақылауды және қажет болған жағдайда жоспарды түзетуді қамтиды.

Саналы түрде жеке зейнетақыны жоспарлау бүгінде өмірлік қажеттілікке айналып отыр. Оны неғұрлым ерте бастаған сайын, қаржылық тұрғыдан жайлы әрі лайықты қарттыққа қол жеткізу мүмкіндігі соғұрлым

ПЕРСОНАЛЬНЫЙ ПЕНСИОННЫЙ ПЛАН

В отличие от прогнозного пенсионного калькулятора функционал Персонального пенсионного плана позволяет пользователю самостоятельно:

- рассчитать требуемый размер взносов, исходя из желаемой суммы пенсионных
- выплат с учетом текущего объема пенсионных накоплений,
- проводить мониторинг реализации персонального плана накоплений (через систему автоматизированных персональных уведомлений).

Благодаря этой функции вкладчик может контролировать ход исполнения своего пенсионного плана с учетом поступления пенсионных взносов. В случае недостаточности пенсионных накоплений внести требуемую сумму можно за счет ДПВ.

При необходимости вкладчик в любое время может изменить входные параметры персонального плана, например, указать другую сумму желаемой пенсии и создать новый план. Также к функциям пенсионного плана добавлена возможность автоматического расчета стажа вкладчика в накопительной системе. Персональное пенсионное планирование - это индивидуальная стратегия увеличения накоплений. Оно включает прогнозирование пенсии при имеющихся возможностях, оценку пенсионных потребностей, постановку целей, выбор инструментов накопления (к примеру, использование ДПВ, передача части накоплений в УИП), отслеживание регулярности и полноты взносов, контроль и при необходимости корректировку.

Осознанное персональное пенсионное планирование становится необходимостью. Чем раньше его начать, тем выше шансы на финансово

жоғары болады. Белгілі болғандай, бүгінде көптеген жастар 30-40 жылдан кейін, яғни зейнет жасында өзін не күтіп тұрғаны туралы көп ойлана бермейді. Алайда дәл қазіргі жас буын еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі лайықты өмірін қамтамасыз ету мәселесіне ерекше мән беруі керек. Себебі 1998 жылға дейін еңбек өтілі жоқ қазақстандықтар мемлекеттен ынтымақты зейнетақы ала алмайды, ал олардың болашақ зейнетақысының мөлшері негізінен жеке жинақтарына байланысты болады.

комфортную и достойную старость. Как известно, сегодня многие молодые люди не задумываются, что их ожидает через 30-40 лет, то есть в пенсионном возрасте. Однако именно молодому поколению стоит позаботиться о своем достойном обеспечении после окончания трудовой деятельности, т.к. казахстанцы, не имеющие стаж работы до 1998 года, не смогут получать солидарную пенсию от государства и размер будущей пенсии будет зависеть в основном от их персональных накоплений.



Көріңіз: Зейнетақы жоспары туралы бейне нұсқаулық



Смотреть: Видеоинструкция: персональный пенсионный план

Ерікті зейнетақы жарналары:
лайықты зейнетке бастар қосымша мүмкіндік

Добровольные пенсионные взносы:
больше возможностей для достойной пенсии



Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі әр азаматқа болашақ зейнетақысын қалыптастыруға белсенді түрде қатысуға мүмкіндік береді.

Бүгінде салымшылар «БЖЗҚ» АҚ сайтындағы «Зейнетақы калькуляторы» арқылы болашақтағы зейнетақысының шамаланған мөлшерін алдын ала есептеп, «Дербес зейнетақы жоспары» көмегімен жинақтау стратегиясын құра алады. Бұл құралдар қазіргі аударымдардың келешектегі төлемдерге қалай әсер ететінін түсінуге және зейнетақы

Казахстанская накопительная пенсионная система предоставляет каждому гражданину возможность активно участвовать в формировании будущей пенсии.

Сегодня вкладчики могут самостоятельно рассчитать предположительный размер будущей пенсии с помощью «Пенсионного калькулятора» и спланировать стратегию накоплений, используя «Персональный план пенсионных накоплений», доступные на сайте АО «ЕНПФ». Такие инструменты помогают лучше понимать, как текущие взносы влияют на будущие выплаты,

капиталын ұлғайтуға қатысты саналы шешім қабылдауға көмектеседі. Егер лайықты зейнетақы алу үшін міндетті 10% зейнетақы жарнасы жеткіліксіз болса, оны ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) арқылы толықтыруға болады. Бұл – зейнетақы жинағын көбейтудің қолжетімді әрі ыңғайлы тәсілі. Сонымен қатар жұмыс берушілер үшін қызметкерлерді ынталандыруға және салықтық жеңілдіктер алуға мүмкіндік береді.

Осылайша, ЕЗЖ – зейнетақы жинағын едәуір арттырудың тиімді құралы. Мұндай жарналарды кез келген адам өз пайдасына да, жақындарының, соның ішінде кәмелетке толмаған балаларының атына да аудара алады. Бұл ретте әркім қаржылық мүмкіндігі мен ұзақ мерзімді мақсатына қарай жарна көлемі мен төлеу жиілігін өзі айқындайды.

Қазақстанда ЕЗЖ қалай жұмыс істейді?

Қазақстан заңнамасында халықтың ерікті зейнетақы жарналарын төлеуіне, оның ішінде жұмыс берушінің қызметкер пайдасына ЕЗЖ аударуына қажетті барлық құқықтық нормалар мен ынталандыру тетіктері қарастырылған.

Қазақстандағы ЕЗЖ-ның негізгі ерекшеліктері:

- ✔ шоттың автоматты түрде ашылуы. ЕЗЖ-ны есепке алуға арналған шот, басқа да жарна түрлері секілді алғашқы жарна түскен сәтте БЖЗҚ-да автоматты түрде ашылады. Ол үшін салымшыға Қор бөлімшесіне барудың қажеті жоқ;
- ✔ инвестициялау және ЕЗЖ-ны жеке инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) толық көлемде беру құқығы. Салымшылар өздерінің ерікті жинақтарын түрлі инвестициялық

и принимать решения относительно увеличения пенсионного капитала. Если для достижения желаемого уровня пенсионного обеспечения недостаточно 10% обязательных пенсионных взносов, их можно дополнить добровольными пенсионными взносами (ДПВ). Это удобный и доступный инструмент, позволяющий увеличить пенсионный капитал, а работодателям - мотивировать сотрудников и получать налоговые преимущества.

Таким образом, ДПВ является эффективным способом существенно пополнить свои пенсионные накопления. Их может перечислять любой желающий как в свою пользу, так и в пользу близких, включая несовершеннолетних детей. При этом можно самостоятельно определять размер и периодичность взносов, исходя из своих финансовых возможностей и долгосрочных целей.

Как работает ДПВ в Казахстане?

Казахстанским законодательством предусмотрены все необходимые нормы и стимулирующие меры для осуществления населением ДПВ, в том числе с уплатой работодателем ДПВ в пользу работника.

Среди ключевых особенностей ДПВ в Казахстане можно выделить следующие:

- ✔ автоматическое открытие счета. Счет для учета ДПВ, как и других видов взносов, открывается в ЕНПФ автоматически при поступлении первого взноса. Для этого вкладчику не требуется посещать офис Фонда;
- ✔ инвестирование и право передачи ДПВ частным управляющим инвестиционным портфелем (УИП) в полном объеме. Вкладчики имеют право перевести добровольные накопления УИП, предла-

стратегия ұсынатын ИПБ-ларға 100% көлемінде аударылады;

✔ зейнет жасына дейін төлем алу мүмкіндігі. Мұндай құқыққа 50 жасқа толған азаматтар, мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ Қазақстан заңнамасы мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар ие;

✔ ЕЗЖ-ны қызметкерлерді ынталандыру құралы ретінде пайдалану және салықтық жеңілдіктер. Заңды тұлғалар қызметкерлері үшін ЕЗЖ аударып, оны әлеуметтік пакет құрамына қоса алады. Жұмыс беруші төлеген ЕЗЖ қызметкердің табысы болып есептелмейді және жеке табыс салығы (ЖТС) ұсталмайды. Ал жұмыс беруші өз кезегінде қызметкерлерін ынталандырып қана қоймай, корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде салық салынатын базаны азайта алады. ЕЗЖ есебінен төленетін зейнетақы төлемдері де басқа төлем түрлері секілді ЖТС-тан толық босатылады. Демек, ЕЗЖ қызметкер үшін де, жұмыс беруші үшін де тиімді.

Сондай-ақ зейнетақы жинақтары бар, соның ішінде ЕЗЖ есебінен қалыптасқан жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, бұл қаражат Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

Қазақстанда ЕЗЖ аудару әзірге кең тарала қоймағанымен, ерікті жинақтардың өсу қарқыны байқалады. Мәселен, 2025 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша БЖЗҚ-да ЕЗЖ бойынша 474 мыңнан астам шот ашылып, оларда 9,8 млрд теңгеден астам қаражат жинақталған. Салыстыру үшін айтсақ, 2020 жылы мұндай шоттардың саны небәрі 40 мыңға жуық болған. Яғни 2020 жылдан бері ЕЗЖ шоттарының саны шамамен 12 есеге артқан.

гающим разные инвестиционные стратегии, в размере 100%;

✔ возможность получить выплаты до наступления пенсионного возраста. Это могут сделать граждане, достигшие 50 лет, люди, имеющие инвалидность, иностранцы и лица без гражданства, выехавшие на постоянное место жительства за пределы страны, если иное не предусмотрено казахстанским законодательством и международными договорами, ратифицированными Республикой Казахстан;

✔ использование ДПВ в качестве инструмента мотивации сотрудников и налоговые льготы. Юридические лица могут перечислять ДПВ за своих сотрудников, включая эту опцию в социальный пакет. ДПВ при уплате работодателем не считаются доходом сотрудника и не облагаются индивидуальным подоходным налогом (ИПН). А работодатель при этом не только мотивирует своих работников, но и уменьшает налогооблагаемую базу при расчете корпоративного подоходного налога. Выплаты накоплений за счет ДПВ, как и другие виды выплат, полностью освобождены от уплаты ИПН. Таким образом, ДПВ выгодны и сотруднику, и работодателю.

Стоит отметить, что в случае смерти лица, имеющего пенсионные накопления, в том числе за счет ДПВ, они наследуются в порядке, установленном законодательством Казахстана.

Несмотря на то, что в Казахстане перечисление ДПВ пока не так популярно, наблюдается положительная динамика роста добровольных накоплений. К примеру, на 01.05.2025 года в ЕНПФ открыто более 474 тыс. счетов по ДПВ, на которых накоплено более 9,8 млрд тенге. Для сравнения, в 2020 году таких счетов было всего около 40 тысяч. То есть количество счетов по учету ДПВ с 2020 года по настоящее время выросло почти в 12 раз.

Халықаралық тәжірибе

Дүниежүзілік банк сарапшылары жүргізген зерттеулер нәтижесі жұмыс берушілердің ЕЗЖ-ны қаржыландыруға қатысуы азаматтардың болашақ зейнетақысына деген қызығушылығын арттыратынын көрсетеді. Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Жаңа Зеландия секілді дамыған елдердің көпшілігінде жұмыс беруші қолдайтын ерікті зейнетақы жоспарлары кәсіби зейнетақының негізін құрайды және қызметкерлерді ерікті жинақтарға тартудың ең тиімді тәсілі саналады.

Әлемде «matching contribution» («тең үлеспен толықтыру») қағидаты бойынша ұжымдық ерікті зейнетақы жоспарлары кең таралған. Мұнда жұмыс беруші қызметкер аударған жарнаны дәл сондай көлемде толықтырып отырады. Бұл екі тарап үшін де тиімді: жұмыс беруші салық салынатын табысын азайтып, қызметкерлерін ынталандырады, ал қызметкер зейнетақы жинағын көбейтеді.

Сондай-ақ қызметкерлерді зейнетақы жоспарларына автоматты түрде қосу тәжірибесі де тиімділігін дәлелдеген. Мұндай жүйеге қатысудан адам бас тартуға құқылы болғанымен, бастапқыда бағдарламаға автоматты түрде енгізіледі. Бұл тәсіл Италия, Жаңа Зеландия, Түркия және Ұлыбританияда қолданылады. Нәтижесінде азаматтардың қосымша жинақ қалыптастыруға қатысу белсенділігі арта түскен. Мысалы, Ұлыбритания мен Ирландияда автоматты тіркеу бағдарламалары корпоративтік зейнетақы бағдарламаларына қатысушылар санын айтарлықтай көбейтті. Атап айтқанда, Ұлыбританияда мұндай бағдарламаларға қатысушылар саны 2011 жылғы 2 млн адамнан 2019 жылы 21 млн адамға дейін, яғни шамамен 10 есеге өскен.

Международный опыт

По результатам исследований экспертами Всемирного Банка сделан вывод, что участие работодателей в финансировании ДПВ повышает заинтересованность граждан в пенсионных отчислениях на старость. В большинстве развитых стран, например, Великобритании, США, Канаде, Новой Зеландии, добровольные пенсионные планы, поддерживаемые работодателями, формируют основу профессиональной пенсии и являются наиболее эффективным способом расширения охвата работников ДПВ.

В мире широко применяется практика коллективных добровольных пенсионных планов по принципу «matching contribution» (встречные взносы), когда работодатель дополняет взносы сотрудника в равном размере. Это выгодно обеим сторонам: работодатель снижает налогооблагаемую прибыль и мотивирует персонал, а работник увеличивает пенсионные накопления.

Эффективной является и практика автоматической подписки сотрудников на пенсионные планы с правом отказаться от участия (например, Италия, Новая Зеландия, Турция и Великобритания). Такой подход помогает активнее вовлекать людей в процесс формирования дополнительных накоплений. В Великобритании и Ирландии программы автоматической регистрации позволили значительно увеличить уровень участия работников в корпоративных пенсионных программах. К примеру, в Великобритании количество участников таких программ выросло почти в 10 раз - с 2 млн в 2011 году до 21 млн человек к 2019 году.

Қазақстанда да қызметкерлер корпоративтік зейнетақы бағдарламаларына қатыса алады. Қажет болған жағдайда жұмыс берушілер корпоративтік зейнетақы жоспарын ұйымдастыру мәселелері бойынша БЖЗҚ-дан халықаралық тәжірибені ескере отырып, консультациялық қолдау ала алады.

Неліктен ЕЗЖ туралы бүгіннен ойланған дұрыс?

2025 жылы Mercer CFA институты әзірлеген MCGPI жаһандық зейнетақы индексі аясында Қазақстанның зейнетақы жүйесіне жүргізілген талдау нәтижесі елдің «Лайықтылық» субиндексі бойынша осал тұста тұрғанын көрсетті. Бұл азаматтардың зейнетке шыққаннан кейінгі өмір сапасын қамтамасыз ету үшін зейнетақы табысын одан әрі арттыру қажеттігін аңғартады.

Соңғы екі жылдағыдай, Mercer CFA сарапшылары биыл да азаматтарды ерікті зейнетақы жарналары көлемін ұлғайтуға ынталандыруды ұсынады. ЕЗЖ-ны тұрақты түрде аудару зейнетақы капиталын көбейтуге ықпал етсе, жұмыс берушінің қатысуы бұл үдерісті одан әрі тиімді етеді.

ЕЗЖ – жай ғана қосымша жинақ құралы емес, бұл болашағыңның сапасына өз қолыңмен ықпал ету мүмкіндігі.

В Казахстане работники также могут стать участниками корпоративных пенсионных программ. При необходимости работодатели могут получить консультационную поддержку от ЕНПФ по вопросам организации корпоративного пенсионного плана с учетом передового международного опыта.

Почему стоит задуматься о ДПВ уже сегодня?

По итогам анализа казахстанской пенсионной системы в 2025 году в рамках глобального пенсионного индекса MCGPI, составленного Институтом Mercer CFA, пенсионная система страны обладает наиболее уязвимой позицией по субиндексу «Адекватность». Это свидетельствует о необходимости дальнейшего повышения уровня пенсионного дохода для обеспечения высокого качества жизни граждан после выхода на пенсию.

Как и в предыдущие 2 года, эксперты Mercer CFA рекомендуют в том числе стимулировать граждан к увеличению объёма ДПВ. Их регулярное перечисление способствует увеличению пенсионного капитала, а участие работодателя поможет сделать этот процесс эффективнее.

ДПВ - это не только дополнительный инструмент накоплений, а возможность самим влиять на качество своей будущей жизни.

ТАБЫС ТАРИХЫ ИСТОРИИ УСПЕХА



Мен, Дәулетбай Орынбасар Тілеуліұлы, 1958 жылы 15 наурызда Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қарақұр әкімшілігіне қарасты Раңауылында тудым. 1974-75 оқу жылында Қарақұр жалпы орта мектебінің (бұрыңғы Ф.Энгельс атындағы) 10-сыныбын бітірдім. 1976 жылы Тараз қаласындағы Октябрьдің 50 жылдығы атындағы Жамбыл педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түсіп, 1980 жылы «Физика пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша біліктілік құжатын алып, Тасты совхозындағы Абай атындағы орта мектепте мұғалім болып еңбек жолымды бастадым. 1984-1986 жылдары Созақ аудандық Білім қоғамы

Я, Даулетбай Орынбасар Тлеулиевич, родился 15 марта 1958 года в селе Ран Каракурского района Сузакского района Туркестанской области. В 1975 году окончил 10 классов Каракурской общеобразовательной средней школы имени Ф. Энгельса. В 1976 году поступил на физико-математический факультет Жамбылского педагогического института имени 50-летия Октября в городе Тараз (бывший город Жамбыл), а в 1980 году получил квалификационный документ по специальности «Учитель физики». Трудовую деятельность начал в 1980 году учителем в средней школе имени Абая в совхозе Тасты. В 1984 году вступил

басқармасының жауапты хатшысы, 1986-1988 жылдары аудандық партия комитетінің Үгіт және насихат бөлімінің нұсқаушысы болып қызмет атқардым. 1988-1993 жылдары Созақ совхозы Ынтымақ елді мекеніндегі Құрманғазы атындағы жалпы орта мектебінің директоры, 1993-2012 жылдары Раң ауылындағы Б.Батырбекова атындағы жалпы орта мектебінің директоры болып қызмет атқарып, 1994-1999 жылдары аудандық мәслихатының депутаты болып сайландым. Білім Министрлігінің, облыстық білім департаментінің, Оңтүстік Қазақстан облысының “Құрмет грамоталарымен”, бірнеше рет аудандық білім бөлімінің мақтау қағаздарымен, аудан әкімінің, аудандық мәслихат хатшысының “Алғыс хатымен”, “Кәсіподаққа еңбегі сіңген қызметкер”, “Қазақ елінің үздік ұстазы” төс белгілерімен марапатталдым. Қазіргі таңда зейнеткер ұстазбын. Жұбайым екеуміз бір қыз, үш ұл тәрбиелеп өсірдік, 15 немереміз бар.

Ия, елімізде 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі енгізілген алғашқы жылдардан бастап-ақ бұл жүйенің халыққа пайдалы екенін ұжымдағы қызметкерлерге түсіндіре бастадық. Мемлекетіміз еңбек еткен әр адамға шот ашып, қаражатын жинақтап, оған инвестициялық кіріс қосып отыр. Қарамағымдағы мекеме есепшілерінің қызметкерлердің ай сайынғы жарнасын уақытылы аударып отыруын мұқият қадағаладым. Өзім де жеке шотымдағы жарналарды және инвестициялық түсімді назардан тыс қалдырмай, үнемі бақылауда ұстадым. Айта кететін жайт, біздің Созақ ауданының орталығы Шолаққорған ауылында Зейнетақы қорының бөлімшесі бар, ол жердегі қызметкерлер халықтың осы салаға қатысты сауалдарына әрдайым жоғары кәсіби деңгейде, өте сауатты жауап беріп, ілтипатпен қызмет көрсетіп келеді.

2021 жылы зейнеткерлікке шықтым. БЖЗҚ қызметкерлерінің кәсіби кеңесі мен сапалы қызметінің арқасында өз жинағымды

в партию. В 1984-1986 годах работал ответственным секретарем Управления Общества образования Созакского района, в 1986-1988 годах - инструктором отдела агитации и пропаганды районного комитета партии. В 1988-1993 годах работал директором общей средней школы имени Курмангазы в селе Ынтымак совхоза Созак, в 1993-2012 годах стал директором общей средней школы имени Б.Батырбековой в селе Ранг, в 1994-1999 годах был избран депутатом районного маслихата. Неоднократно был отмечен грамотами и благодарственными письмами Министерства образования РК и награжден нагрудными знаками.

В 2021 году вышел на пенсию. Мы с женой воспитали одну дочь, трех сыновей, у нас 15 внуков. Моя жизнь началась с преподавания и с первых лет внедрения накопительной пенсионной системы в стране в 1998 году мы начали разъяснять коллективу, что эта система полезна для населения. Государство открывает счета на каждого работающего человека, аккумулирует средства и начисляет инвестиционный доход. Я строго следил за тем, чтобы бухгалтеры подконтрольного мне учреждения своевременно перечисляли ежемесячные взносы сотрудников и сам не оставлял без внимания поступления на свой лицевой счет. Стоит отметить, что в селе Шолаккорган Созакского района есть отделение ЕНПФ и его сотрудники всегда отвечают на вопросы населения в этой сфере на высоком профессиональном уровне, очень грамотно и внимательно.

Благодаря профессиональному совету и качественной деятельности специалистов ЕНПФ мы смогли эффективно использовать свои сбережения купив жилье и тем самым порадовав внуков. Это

тиімді пайдаланып, зейнеткерлердің орташа кірісті алмастыру коэффициентіне сәйкес жинақтардың бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі туып, немереме тұрғын үй сатып алып қуанып қалдық. Бұл да болса үлкен көмек болды. Бүгінде лайықты зейнетақы аламын, еңбегімнің жемісін көріп отырмын. Қаржылық тұрғыдан сауатты болу, зейнетақы жарнасының тұрақты әрі уақытылы түсуі - халықтың зейнетақысының лайықты болуы. Жастарға айтарым: жас кезде еңбек етіп, қарттық шақта зейнетін көріңдер!

было большим подспорьем. Сегодня я получаю достойную пенсию, вижу плоды своего труда. Финансовая грамотность, стабильное и своевременное поступление пенсионных взносов гарантирует достойную пенсию населению. Говорю молодежи: трудитесь в молодости и увидите итог в старости!



Арупов Акимжан Арупович, 1962 жылы туған, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі, Қазақстан экономика ғылымдары академиясының академигі, әлемдік экономика және халықаралық қатынастар институтының директоры (2014 жылғы маусымда ғалымдар ұжымы және “Тұран” университеті құрған).

М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің экономика факультетін тәмамдаған.

Арупов Акимжан Арупович, 1962 года рождения, доктор экономических наук, профессор, академик международной академии информатизации, академик академии экономических наук Казахстана, директор института мировой экономики и международных отношений (основан в июне 2014 года коллективом ученых и университетом «Туран»).

Окончил экономический факультет Московского государственного университета им. М.В.Ломоносова.

Ғылыми, оқу-әдістемелік сипаттағы 200-ден астам жарияланымдары бар. Ол 8 монография мен оқулықтың авторы: “Қазақстан халықаралық экономикалық қатынастар жүйесінде”, “Мемлекеттік меншікті жекешелендірудің әлемдік тәжірибесі”, “Қазақстан Республикасы тауар нарықтары жүйесінде”, “ Экономикалық теория”.

2007 жылы Арупов Акимжан Аруповичке “Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері” атағы берілді. 2006 және 2014 жылдары Қазақстан Республикасының “Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы” гранты мен атағының иегері атанды.

2022 жылдан бастап республикалық ұйғырлар қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

1. Бүкіл ересек өміріңіз экономикамен байланысты. Бұл сіздің саналы таңдауыңыз ба, әлде кездейсоқ шешім ме?

Менің ғана емес, кез-келген адамның саналы ғұмыры – экономика. Ауылдық жерде тұрдым, 8-9 жасымыздан бастап ауыл шаруашылығы жұмыстарына тартты. Сол кездің өзінде экономиканың маңыздылығын түсіне бастадық. Сонымен қатар ерте кезден отбасына көмектесуге үйрендік. Мен отбасындағы 10-шы баламын және бала кезімізден ата-анамыз жұмысқа үйретті: таңғы 6:00-де сүтке, ал кешке жаңа піскен нанға баратынмын. Әрине мамандықты саналы түрде таңдау керек. М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті экономика факультетінің “Саяси экономика” бөліміне түскеніме өте қуаныштымын. Бүкіл саналы өмірімді экономиканы, саяси экономиканы және халықаралық экономиканы зерттеуге арнадым.

Имеет более 200 публикаций научного, учебно-методического характера. Им опубликованы восемь монографии и учебники: «Казахстан в системе международных экономических отношений», «Мировой опыт приватизации государственной собственности», «Республика Казахстан в системе товарных рынков», «Экономическая теория».

В 2007 году Арупову Акимжану Аруповичу присвоено звание «Почетный работник образования Республики Казахстан». В 2006 и 2014 годах становился обладателем гранта и звания «Лучший преподаватель ВУЗа» Республики Казахстан.

С 2022 года председатель Республиканского общественного объединения уйгуров.

1. Вся Ваша «взрослая» жизнь связана с экономикой. Расскажите, пожалуйста, это Ваш осознанный выбор или случайное решение?

Не только моя взрослая, но вся осознанная жизнь любого человека – это экономика. Я проживал в сельской местности, и нас 8-9 летних школьников, привлекали к сельхозработам. Уже тогда мы начали осознавать важность экономики как таковой. Кроме того, с самых ранних пор мы приучались помогать семье. Я 10-ый ребенок в семье и с самого детства наши родители приучали нас к труду: в 6:00 утра я ходил за молоком, а вечером – за свежим хлебом. Конечно же выбор профессии – это осознанный выбор. И я очень счастлив, что мне удалось поступить на экономический факультет Московского государственного университета им. М.В.Ломоносова на отделение «Политическая экономия». Всю свою сознательную жизнь я посвятил изучению экономики, политической экономии, и международной экономики.

2. Таңдаған жолыңызға күмәнданған кезіңіз болды ма?

Өзімді барлық жағынан бақытты адаммын деп санаймын, әсіресе мамандық таңдау жағынан қарағанда. Ғылым мен қызметімнің арасындағы байланыстың жөні бөлек, махаббат деуге де болады, әрі бұл сезім бір-біріне толықтай сай келеді.

3. Қазақстанның зейнетақы жүйесін қалай бағалайсыз?

Ең алдымен, зейнетақы жүйесін құрастырушыларға рақмет айтқым келеді. Қазақстандық жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізі ретінде Чили моделі алынды және бүгінде біз белгілі бір нәтижелерді көріп отырмыз. Оның осыл тұстарын ескергеннің өзінде бұл өтпелі экономика жағдайында қоғамның, мемлекеттің және әрбір жеке тұлғаның мүдделеріне жауап беретін зейнетақы жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оңтайлы және жалғыз нұсқа болды. Жүйенің жемістерін толығымен пайдаландым. Бір жыл бұрын жасыма байланысты зейнеткерлікке шықтым, қазір зейнетақы жинақтарын екі көзден алып отырмын: 55 жасымнан бастап аннуитеттік шарт бойынша ай сайынғы төлемдерді, ал өткен жылдан бастап БЖЗҚ-дан да. Ынтымақты, базалық зейнетақыны және екі көзден алатын жинақтарымды қосқанда, зейнетақым отбасылық бюджетке жақсы көмек болғаны жасырын емес.

4. Сіздің ойыңызша, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің (ЖЗЖ) ұтымды тұстары қандай, нені түзету керек?

28 жыл ішінде Қазақстанның зейнетақы жүйесі өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Ұтымды тұстары: жинақтау принципі – әр қызметкер өзінің жинақтарын қалыптастырады, қаражат өзінің меншігі. Осылайша жеке жауапкершілік артады.

2. Был ли момент, когда Вы усомнились в выбранном пути?

Я считаю себя счастливым человеком во всех отношениях, особенно в сфере выбора профессии. Знаете, то удовольствие, та любовь, которые сложились между наукой и моей деятельностью, взаимны.

3. Как Вы оцениваете пенсионную систему Казахстана?

Прежде всего, хочу сказать большое спасибо разработчикам пенсионной системы. За основу казахстанской накопительной пенсионной системы взята чилийская модель и сегодня мы видим определенные результаты. При всех ее шероховатостях – это была оптимальная и единственно возможный вариант, который позволил в условиях переходной экономики сформировать такую пенсионную систему, которая отвечала бы интересам и общества, и государства, и каждого отдельного индивидуума. Плодами этой системы я воспользовался сполна. На сегодняшний день я уже как год являюсь пенсионером по возрасту и получаю пенсионные накопления из двух источников: с 55-лет я получаю ежемесячные выплаты по аннуитетному договору, а с прошлого года – и из ЕНПФ. Учитывая солидарную, базовую пенсию и выплаты пенсионных накоплений из двух источников – моя пенсия является хорошим подспорьем для семейного бюджета.

4. Что, по Вашему мнению, в НПС идет хорошо, а что требует корректировки?

За 28 лет пенсионная система Казахстана доказала свою жизнеспособность. Что работает хорошо: накопительный принцип – каждый работающий формирует свои собственные накопления. Плюс – деньги закрепляются за вкладчиком.

Екінші тұсы – БЖЗҚ барлық есепті бір орталықтан жүргізеді: бір оператор алаяқтық тәуекелдерін азайтады, мемлекет тарапынан бақылауда болады, ыңғайлы цифрлық сервистерді (мобильді қосымша, жеке кабинет) жүзеге асыру оңай. Сондай-ақ, жүйенің артықшылығы – міндетті зейнетақы жарналары және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары. Оларды аударудың міндеттілігі. Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және емдеу үшін зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану мүмкіндігін де жүйенің артықшылығына жатқызар едім. Бұл жүйеге деген сенімділікті арттырды.

Енді түзетуді талап ететін тұстары: кейде БЖЗҚ кірістілігі инфляциядан сәл ғана асады немесе одан төмен болады. Бұл негізгі жүйелік осал тұсы. Жалпы алғанда, инвестициялық кіріс келетіні түсінікті, бірақ оның әрқашан инфляциядан жоғары болғанын көргім келеді. Екіншіден, халықтың бір бөлігінде шағын және тұрақты емес аударымдарға байланысты болашақ зейнетақының төмен болу қаупі бар. Үшіншіден, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды зейнетақы жүйесіне тарту. Қазір мемлекет бұл бағытта көп жұмыс атқарып жатыр, бірақ адамдардың қызығушылығынсыз, қатысуынсыз, зейнетақының жеткіліксіздігі қаупі қалып отыр.

Сондықтан “кірістілік+зейнетақының болашақ мөлшері+қамту” мәселесін шешуді басты назарда ұстау қажет.

5. Сіз үшін табыс деген не? Өзіңізді табыстымын деп санайсыз ба?

Табыс – ең алдымен берекелі отбасы. Бұл балалар мен немерелердің жетістігі мен табысы. Сонымен қатар, егер сіз кәсіби маман ретінде қалыптаспасаңыз, жетістікке жету мүмкін емес. Сондықтан өзімді бақыттымын деп айта аламын –

Таким образом повышается личная ответственность. Вторым плюсом можно назвать централизацию учета через ЕНПФ: один оператор снижает риски мошенничества, проще осуществлять контроль со стороны государства, удобные цифровые сервисы (мобильное приложение, личный кабинет). Также к плюсам системы также можно отнести обязательность пенсионных отчислений – обязательных пенсионных взносов и обязательных пенсионных взносов работодателя. Возможность досрочного использования пенсионных накоплений на улучшение жилищных условий и лечение – еще одно преимущество – это усилило доверие к системе.

Теперь отом, что требует корректировки: иногда доходность ЕНПФ едва покрывает инфляцию или уступает ей. Это один из ключевых системных вызовов. Понятно, что в целом инвестдоход зарабатывается, но хотелось бы видеть его всегда выше инфляции. Во-вторых, у части населения есть риск низкой будущей пенсии из-за маленьких и нерегулярных отчислений. И в-третьих, вовлечение в пенсионную систему самозанятых. Сейчас государством очень много делается в этом направлении, но без заинтересованности, вовлеченности людей, риск недостаточной пенсии остается.

Именно на решении проблемы «доходность +будущий размер пенсии +охват» необходимо сделать основной упор.

5. Что для Вас успех? Считаете ли Вы себя успешным?

Успех – это, прежде всего, благополучная семья. Это успехи и достижения детей и внуков. Кроме того, достижение успеха невозможно, если ты не состоялся как профессионал. В этом плане я счастливый человек – горжусь своими детьми, у меня

балаларымды мақтан тұтамын, тек сүйікті ісіммен ғана айналысып қоймаймын, қоғамдық өмірге де белсене араласамын, айналамдағы адамдар да мені құрметтейді.

6. Өмірлік ұстанымыңыз қандай?

Адалдық, адалдық, тағы да адалдық. Барлық салада. Бұл менің өмірлік ұстанымым.

7. Оқырмандарымызға қандай кеңес берер едіңіз?

Мүмкін ең маңызды кеңес – болашаққа қамқорлықты бүгіннен бастау керек. Көбіне болашақ әлі алыс, әлі де уақыт бар деп ойлаймыз. Бірақ ертеңгі әл-ауқатқа бүгінгі шешімдер тікелей әсер етеді. Зейнетақы жинақтарына алыстағы шартты дүние деп қарамай, бүгінгі өміріңнің бір бөлшегі деп қабылдау өте маңызды. Бұған өзіңнің алдыңдағы жауапкершілігің, өз еңбегіңе құрмет және сапалы, қазыналы қарттығыңды сақтау деп қараған жөн. Кез-келген мәселені түсінуге тырысыңыз, нақтылаңыз, кеңес алыңыз. Өйткені бұл сіздің ақшаңыз, сіздің еңбегіңіз және сіздің болашағыңыз. Зейнетақы жинақтары – бұл қарттық емес, өмірге деген саналы көзқарас.

есть не только любимая работа, но и активная общественная жизнь, уважение общества.

6. Есть ли у Вас правило, которому Вы никогда не измените?

Порядочность, порядочность и еще раз порядочность. Во всех сферах, во всех областях. Это мое жизненное кредо.

7. Что Вы посоветуете нашим читателям?

Наверное, самый главный совет – не откладывать заботу о будущем на потом. Часто мы думаем, что будущее – это еще так далеко, еще есть много времени. Но именно сегодняшние решения способны повлиять на завтрашнее благополучие. Очень важно относиться к пенсионным накоплениям не как к чему-то далекому и формальному, а как к части своей личной истории. Это про ответственность перед собой, про уважение к своему труду и про желание сохранить качество жизни в будущем. Не бойтесь разбираться в деталях, уточнять, консультироваться. Ведь это ваши деньги, ваш труд и ваше будущее. Забота о пенсионных накоплениях – это не про возраст, а про зрелое отношение к жизни.

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ҚАБЫЛДАДЫ

Ата заң 2026 жылдың 1 шілдесінде күшіне енеді

КАЗАХСТАН ПРИНЯЛ НОВУЮ КОНСТИТУЦИЮ

Основной закон страны вступает в силу с 1 июля 2026 года



2026 жылдың маңызды саяси оқиғаларының бірі ретінде ел өміріне елеулі ықпал еткен жаңа Конституцияны қабылдау жөніндегі республикалық референдумды атауға болады. 15 наурызда өткен жалпыхалықтық дауыс беру қорытындысы бойынша сайлау учаскелеріне келген азаматтардың 87 пайыздан астамы (Референдум жөніндегі орталық комиссияның мәліметі бойынша) Конституцияға енгізілген өзгерістерді қолдады. Өзгерістер Ата заңның шамамен 84 пайыз нормасы мен баптарын қамтыды. Олардың қатарында вице-президент лауазымын енгізу, қос палаталы Парламенттің орнына бір палаталы Құрылтайға көшу, сондай-ақ Қазақстан халқының жаңа жоғары консультативтік органы – Қазақстан Халық кеңесін құру секілді бастамалар бар.

Одним из важных событий 2026 года, оказавших значительное влияние на политическую жизнь Казахстана, стал прошедший 15 марта республиканский Референдум по принятию новой Конституции страны. По итогам голосования более 87% пришедших на избирательные участки проголосовали за изменения (согласно Центральной комиссии референдума), которые затронули около 84% положений и статей Конституции. Среди которых – введение должности вице-президента, переход к однопалатному Парламенту – Курултай, а также создание нового высшего консультативного органа народа Казахстана – Народного совета Казахстана.

Сонымен қатар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке деректерді қорғауға, тілдер мен дін мәртебесіне қатысты жаңа ережелер бекітілді. Әсіресе әлеуметтік қамтамасыз ету саласындағы азаматтардың құқықтарына айрықша мән берілді. Оның негізгі тетігі ретінде әлеуметтік төлемдерге, зейнетақылар мен жәрдемақыларға мемлекеттік кепілдіктер айқындалды. Бұл – мемлекет тарапынан халықтың тұрмыс деңгейін қолдауға бағытталған міндеттемелердің көрінісі. Конституцияда кедейлік пен әлеуметтік теңсіздікті азайтуға, сондай-ақ әрбір азаматтың лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге арналған әлеуметтік бағдарламаларды дамыту көзделген.

Мамандардың пікірінше, қабылданған өзгерістер қазіргі заман талаптары мен сын-қатерлеріне сай келетін орнықты әлеуметтік жүйе қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, Қазақстанның жаңа Конституциясы әлеуметтік қамтамасыз ету мәселесін мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі ретінде айқындап, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған ұстанымды нақты көрсетіп отыр.

Соңғы жылдары Қазақстан ашық әрі тиімді саяси жүйе құруға ұмтылып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, республикалық референдум азаматтардың шешім қабылдау үдерісіне тікелей қатысуына жол ашқан реформалардың маңызды құрамдас бөлігі болды. Сарапшылар қабылданған өзгерістер елдегі басқару жүйесінің тиімділігі мен ашықтығын арттыруға негіз болады деп есептейді.

Сондай-ақ, азаматтық қоғам өкілдері жаңа Конституция елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына оң ықпал етеді деген сенім білдіруде.

Также закреплены новые положения о правах и свободах граждан, защите персональных данных, статусе языков, религии. Особое внимание уделено правам граждан на социальное обеспечение, основным моментом которого являются государственные гарантии на социальные выплаты, пенсии и пособия, что отражает обязательства государства по поддержанию жизненного уровня граждан. Конституция предусматривает развитие социальных программ, направленных на борьбу с бедностью и неравенством, а также на обеспечение достойного уровня жизни для всех граждан.

Ожидается, что принятые изменения помогут в создании устойчивой социальной системы, которая отвечает современным требованиям и вызовам. Таким образом, новая Конституция Казахстана подчеркивает важность социального обеспечения как одного из ключевых аспектов государственной политики, стремящейся к улучшению благосостояния населения.

Как известно, в последние годы Казахстан стремится к более открытой политической системе и прошедший республиканский Референдум является одним из элементов реформ, позволяя гражданам напрямую участвовать в процессе принятия решений. Эксперты отмечают, что принятые изменения станут основой для более эффективного и прозрачного управления.

Также гражданское общество выразило надежду на то, что новая Конституция приведет к улучшению социально-экономической ситуации в стране.

ҚАРИЯ ШАҚҚА ЖИНАҒЫЗ!
ДАРИЯ БАҚҚА ЖИНАҒЫЗ!

КОПИТЕ НА СТАРОСТЬ!
КОПИТЕ НА РАДОСТЬ!

Е Н^{PRO} П Ф

  /enpfkz
  /enpf.kz